

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін облыс әкімдерінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 25 қыркүйек N 955

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыс әкімдерінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының ұсынылып отырған тізбесі бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне:

1998 жылдың 30 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес әкімдердің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекіту;

1 желтоқсанға дейінгі мерзімде:

"Балаларға әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасының "Сәбилер үйі" және "Балалар үйі" кіші бағдарламалары бойынша;

"Жергілікті деңгейде төтенше жағдайларды жою" бағдарламасының "Өртке қарсы қызмет" және "Суда құтқару қызметі" кіші бағдарламалары бойынша;

"Жергілікті деңгейдегі құжаттық материалдар қоймасы" бағдарламасының "Облыстық және қалалық архивтер" кіші бағдарламалары бойынша;

"Жергілікті деңгейде демалысты ұйымдастыру" бағдарламасының "Жануарлар парктері мен өсімдіктер парктері" кіші бағдарламалары бойынша мемлекеттік мекемелердің тізбесін бекіту;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
25 қыркүйектегі
N 955 қаулысымен
бекітілген

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстар (қалалар, аудандар)
әкімдерінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының
ТІЗБЕСІ

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік		
	қызмет көрсетулер		
	Жергілікті деңгейдегі әкімшілік	Ұстауға	Ұстауға
	шығыстар		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Жергілікті деңгейде халық санағын	Бұл да	Көрсетілген
	өткізу	қызметтер үшін	
	Архив қорының сақталуы мен олардың	Бұл да	Ұстауға
	пайдаланылуын қамтамасыз ету		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Облыстық, қалалық архивтер	Бұл да	Бұл да
	Ғимараттарды күту және қызметкер-	Бұл да	Көрсетілген
	лердің қызметін қамтамасыз ету	қызметтер үшін	
2	Қорғаныс		
	Төтенше жағдайлар жөніндегі штаб-	Бұл да	Бұл да
	тардың жұмыстарын ұйымдастыру		
	Төтенше жағдайларды жергілікті	Бұл да	Ұстауға
	деңгейде жою		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Өртке қарсы қызмет		
	Суда құтқару қызметі		

	Төтенше жағдайлар жөніндегі штаб-		
	тарды материалдық-техникалық		
	құралдармен қамтамасыз ету		
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік		
	Қалалар мен елді-мекендерде жол	Көрсетілген	Көрсетілген
	қозғалысын реттеу	қызметтер үшін	қызметтер үшін
7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	Орындалатын	Көрсетілген
	Тұрғын үй-шаруашылығы	жұмыстардың	қызметтер үшін
		көлемі бойынша	
	Айрықша мұқтаж адамдарды		
	тұрғын үймен қамтамасыз ету		Бұл да
	Коммуналдық шаруашылықты дамыту		
	Коммуналдық шаруашылықтың		
	жалпы дамуын ұйымдастыру		
	Ауыз сумен жабдықтау жөніндегі	Ұстауға	Бұл да
	жұмыстарды ұйымдастыру		
	Сумен жабдықтау жүйесінің жұмыс	Бұл да	Бұл да
	істеуі		
	Қоқысты және басқа да қалдықтарды	Бұл да	Бұл да
	жинау мен шығару, канализациялық		
	жүйелерді пайдалану, көшелерді		
	тазарту		
	Көшелерді жарықтандыру жөніндегі	Бұл да	Бұл да
	жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу		бойынша
	Жергілікті деңгейде қоғамдық мұқ-	Бұл да	Бұл да
	таждар үшін жерлерді бөлу жұмыс-		
	тарын жүргізу		
8	Демалысты ұйымдастыру және мәдениет		
	саласындағы қызмет		
	Демалысты жергілікті деңгейде		
	ұйымдастыру		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Жануарлар парктері мен өсімдіктер	Субсидиялау	Ұстауға
	парктері		
	Газеттер мен журналдар арқылы	Бұл да	Көрсетілген
	жергілікті деңгейде мемлекеттік		қызметтер үшін
	ақпараттық саясатты жүргізу		
	Телерадио хабарлары арқылы	Көрсетілген	Бұл да
	жергілікті деңгейде мемлекеттік	қызметтер үшін	

	ақпарат саясатын жүргізу		
11	Отынды қоспағанда, тау-кен өнер-кәсібі мен пайдалы қазбалар; өңдеу өнеркәсібі; құрылыс	Жергілікті деңгейдегі жобалау-ұстауға	Бұл да
5	іздістіру, конструкторлық және технологиялық жұмыстар		
	Көлік және байланыс		
12	Жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдарын салу	Орындалатын жұмыстардың көлемі бойынша	Бұл да
	Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңарту	Жергілікті деңгейде жол жүйесін пайдалану	Бұл да
	Қала жолдары мен көшелерінің құрылысы		
	Жергілікті деңгейде жол жүйесін пайдалану	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Орындалатын жұмыстардың көлемі бойынша
	Жергілікті деңгейдегі темір жолдарды салу	Бұл да	Бұл да
	Темір жол көлігінде арналған көпірлер		
13	Экономикалық қызметке байланысты басқа да қызмет көрсетулер	Жергілікті атқарушы органдардың резервтік қоры	
14	Негізгі топтарға жатқызылмаған шығыстар	Бюджеттердің төменгі деңгейлерін теңестіруді қамтамасыз ету	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК